

► **Түркістан тұлғалары**



Фылымға қалтқысыз қызмет ететін адам жандар жаңында жүрсе, бойына қуат біткендей болады. Болмысы бөлек сондай жандардың бірі ретінде Жамбыл Әйменовті айттар едім. Ол бүкіл саналы ғұмырын фылымның дамуына арнап келеді. Сонымен қатар, жоғары оку орындарындағы үстаздық қызметтінен де қол үзген емес. Мен оның әкесі Талха Әуелұлымен етene арасынан едім. Ол кісі Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген гидротехник ретінде республикамызды су шаруашылығын алғашқы үйымдастырушылардың бірі болды. 1945 жылы Мәскеуде өткен Жеңіс шеруіне қатысты.

Фылымға арналған ғұмыр

Талай даналар шыққан берекелі Оңтүстік өлкесінде дүниеге келген Жамбыл Талхадыл 1971 жылы Қазақ химия-технологиялық институтына окуға түсіп, өзінің жоғары білікті инженер бола алатындығын сол кездері-ақ дәлелдеді, Қазақстанның инженерлік мамандар шоғырында өзінің болашақ көсіби қызметтінің, зерттеушілік өлеуеттінің іргетасын қалады. Сол жылдан бастап оның әмбебаптың мен қызметті Қазақ химия-технологиялық институтымен (қазіргі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті) тығыз байланыста болды. Мұнда ол барлық қалыптасу кезеңдерінен өтіп Қазақстанның жоғары мектебінің белгілі үйымдастырушыларының бірі ретінде танылды. Жоғары үйымдастырушылық қабілеттінің, ұжымдағы абырайының арқасында 1988 жылы конкурс арқылы ҚазХТИ-дің алдыңғы қатарлы инженерлік-құрылымсız факультеттінің деканы қызметтіне сайланды. Бұл факультетте кезінде М.Ф.Үркімбаев, В.М.Кирилин, С.В.Терехович, Н.М.Мұталиев, Н.Сузев, И.С.Сыздықов сияқты майталмандар қызметтіңде өткен болатын.

Жылдары облыстық мәслихаттың депутаты ретінде өнірде «Таза су» бағдарламасын жүзеге асыруға, жаңа білім ошактарын, емдеу мекемелерін салдыруға атсалысты. Өнірді дамытудағы еңбектерінің еленгені шығар, Отырар ауданының және Түркістан қаласының құрметті азаматы атап, «Облысқа сінірген еңбегі үшін» медалін кеудесіне тақты. Республиканың дамуына қосқан улесі және фылымдағы жетекшілері үшін 2006 жылдың 10 наукаға Президент Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері» атагы берілді. Ал, 2020 жылды «Құрмет» орденімен марапатталды. Ол бұрынғы «Нұр Отан» партиясының белсенді мүшесі ретінде партияның XII және XIII съездеріне делегат болып сайланыды.

Еліміздің ірі жоғары оку орындарындағы әкімшілік қызметтер Жамбыл Әйменовке үлкен фылымның зерттеушілік жұмысын табысты жүргізуге кедері бола алмады. Ол төрт фылым кандидатын, көптеген магистранттарды дайындағы шыгарды. Төрт жүзден аса фылымниң еңбеті бар. ҚР Білім және фылым министрлігінің гранттарын бір-

Жамбыл Талхаұлының жоғары кәсібілік және еңбекқорлық қасиеті факультеттің педагогикалық ұжымы мен студенттердің ерекшे күрметі мен сыйластығына ие болуға мүмкіндік берді. Институттың жетекші факультеттерінің бірін басқара отырып, ол өзін білімді жастарды жинауға құштар талантты ғалым ретінде көрсете білді. Оның ұйымдастыруышылық таланты мен көшбасшылық қасиеті құрылым-технологиялық факультеттің жетекшілік ету кезінде де айқын көрінді. Оған Қазақстанның онтүстігінде құрылым саласы бойынша жоғары білім беру және ғылымды одан ары дамыту, факультетті ірі ғылыми-білім орталығына айналдыру міндеті жүктелді. Ол осы қызметімен қатар облыстың құрылым саласындағы техникалық прогресс және экономикалық ілімдер университеттің ректоры қызметін де қоса атқарды. Оның жетекші ғалымдар мен мамандарды тартудағы тынымсыз еңбегі факультеттің мәртебесін көтеріп, еліміз үшін білікті мамандар даярлауға жол ашты.

Жамбыл Эйменов 1993-1997 жылдары универсitetте кешкі және сырттай оқу ісі жөніндегі проректор, ғылыми жұмыстар және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор қызметтерін атқарып, осы салалардың дамуына үлкен үлес қосты. 1997-2012 жылдары Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеттің проректор, университеттің вице-президенті қызметтерін абыраймен атқарды. Осы оқу ордасының әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен халықаралық және ғылыми түрғыдағы байланысын нығайтудағы, білім берудің инновациялық әдістерін енгізу деген үлесі де комакты. Сол жылдары облыстың қоғамдық-саяси әмбіріне де белсene араласты. 2007-2012

неше рет жөніп алып, күн сөулесі энергиясын құрылым технологиясында пайдалану, техногендік қалдықтардан композиттік материалдар дайындау жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасады. Сонымен қатар, университетте құрылым саласы бойынша докторлық диссертация қорғайтын көнеш ашып, оның жұмысын ұйымдастыруға үлкен үлес қосты.

Жамбыл Талхаұлы университеттің бірінші проректоры ретінде оқу ордасының стратегиялық дамуының басты бағыттарына басшылық жасады. Қазіргі таңда ол ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметтінде. Соған қарамастан фундаментальды және қолданбалы ғылымды дамытуда, ғылыми-зерттеулердің саласын жоғарылатуда, инновациялық технологияларды өндіріске өндіруде көл еңбектеніп жүр. Өз ісіне берілгендей және университеттің болашағы турали шынайы ойлары, отандық ғылым-білімді жаңа сапаға көтеруге ұмтылысы Жамбыл Эйменовті жоғары деңгейдегі ғалым, кәсіби шебер және іскер ұйымдастыруыш ретінде қалыптастырыды.

Сөз соңында белгілі ғалым, ұлғатты ұстаз Жамбыл Талхаұлының жас буынға үлпі, ізденушіге ізгілігін таныта білетін арда азамат дегім келеді. Жылы шырайлы жүзімен кез келген адамды жаңына жақын тартып, салмақты, салиқалы сөзімен баурап алатын, ағалық қасиетімен қашанда жылы шуағын шаша білетін ерекше мінез іесі. Оның білім мен ғылым жолындағы төккен тери, ерөн еңбегі ел дамуына қосылған елшесіз үлес екендігі даусыз.

**Мурат ЖҰРЫНОВ,
Ұлттық ғылым
академиясының президенті.**